

**«CODO» ЖШС мен Астана қаласы әкімдігінің Білім басқармасы
арасындағы ынтымақтастық және өзара түсіністік туралы
МЕМОРАНДУМ**

Астана қ.

«__» _____ 2024 ж.

«Codo» ЖШС (бұдан әрі – «Компания») Жарғы негізінде әрекет ететін директор тұлғасында **Евгений Сергеевич Трофимов** бір жағынан және **Астана қаласы әкімдігінің білім басқармасы** (бұдан әрі – Білім басқармасы) Ереже негізінде әрекет ететін **Сенғазыев Қасымхан Сенғазыұлы** тұлғасындағы екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, ал жеке-жеке, жоғарыда көрсетілгендей, осы ынтымақтастық туралы Меморандумды (бұдан әрі – Меморандум) жасасты.

Осы Меморандум ізгі ниетті растау болып табылады, тараптардың ынтымақтастық туралы ниеттерін білдіреді және Тараптардың оның нысанасына қатысты толық келісімін білдіреді.

1. Меморандумның мәні

Меморандумның негізгі мәні бірлескен жобаларды, балалардың құқықтарын қолдау және қорғау бағдарламаларын, тәжірибе мен ресурстармен, ғылыми зерттеулер мен іс-шаралармен алмасуды, білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қоса алғанда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы балаларының психологиялық дамуы мен әл-ауқатының мониторингін қамтамасыз ету үшін «HR+» психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйесінің» мүмкіндіктерін пайдалану, балалардың әл-ауқаты саласында әріптестік қатынастар орнату бойынша Компания мен Білім басқармасы арасындағы ынтымақтастық болып табылады.

2. Ынтымақтастықтың бағыты

Тараптар мыналарды қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін бағыттар бойынша ынтымақтастық жөнінде келіседі:

2.1. Келесілерге бағытталған әдістемелік қолдау:

- ПҚО қызметкерлерін іріктеу бойынша критерийлер мен ұсынымдарды әзірлеуге көмектесу;

- ПҚО қызметкерлерінің, мектеп педагог-психологтарының кәсіби қажеттіліктері мен біліктілігін анықтау бойынша талдау жүргізу;

- буллингке қарсы, интеграциялық бағдарламаларды, оқушылардың резильенттілігі мен әл-ауқатын дамыту, суицидтің алдын алу, зорлық-зомбылық бағдарламаларын енгізу;

- ПҚО күштерімен облыста одан әрі іске асыру және тираждау үшін енгізілген тренингтік әдістемелерді беру;

- ПҚО-ның барлық қызметкерлерін оқытуды жүргізу (сертификат бере отырып, кемінде 40 сағат);
- ПҚО бірлесіп пилоттық мектептердің қызметкерлерін оқыту;
- облыстың аудандары мен қалаларындағы мектептердің психологиялық қызметтерін үйлестіруді кейінгі мониторингпен ПҚО оқыту;
- білім алушыларға диагностика жүргізуге көмек;
- ППМАЖ пайдалана отырып, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуден бас тартқан ата-аналармен жұмыс істеуге оқыту;
- ППМАЖ пайдалана отырып, балалардың психологиялық даму картасын жасау;
- қадағалау жүргізуге оқыту;
- қолданыстағы заңнамаға сәйкес «Тәуекел тобындағы» балаларға көмек алгоритмін енгізуге және іске асырылуын бақылауға көмектесу;
- балалар мен жасөспірімдердің психологиялық дамуы мен әл-ауқатының мониторингін қамтамасыз ету үшін жүйе ретінде ППМАЖ мүмкіндіктерін пайдалану.

Меморандум аясында тараптар психологиялық қолдау орталығы қызметінің, сондай-ақ бірлескен іс-шаралар мен ынтымақтастықты өткізудің жоспарын әзірлейтін болады.

2.2. Тәжірибе және ресурстармен алмасу:

- педагогтердің, психологтардың, әлеуметтік педагогтардың, сынып жетекшілерінің, тәлімгерлердің, медицина қызметкерлерінің, жалпы білім беретін мектептер директорларының және олардың орынбасарларының біліктілігін арттыруда өзара қолдау көрсету;
- педагогтер мен мамандарға арналған семинарлар, шебер сабақтары мен тренингтер ұйымдастыру;
- бірлескен мәліметтер базасын құру және әдістемелік материалдармен алмасу.

2.3. Зерттеу қызметі:

- балалардың әл-ауқаты мәселелері бойынша бірлескен зерттеулер жүргізу;
- іске асырылып жатқан бағдарламалар мен бастамалардың тиімділігін талдау, мониторингілеу және бағалау.

2.4. Кәсіби даму:

- Балалардың құқықтарын қорғау және олардың әл-ауқатын қамтамасыз ету саласындағы қадағалау арқылы педагогтер мен мамандардың біліктілігін арттыруды қолдау;
- озық тәжірибемен бөлісу үшін үйлестіру топтарын құру.

2.5. Отбасылармен және қоғамдастықпен өзара әрекеттесу:

- балалардың әл-ауқатының маңыздылығы туралы ата-аналар мен қоғамға арналған ақпараттық компанияларды ұйымдастыруға көмек;

2.6. Мониторинг және бағалау:

- білім беру мекемелеріндегі балалардың әл-ауқатының жай-күйін бақылау үшін ППМАЖ мүмкіндіктерін пайдалану;

- бірлескен бағдарламалардың балалар мен олардың отбасының әлауқатына әсерін бағалау.

2.7. Балалардың әлауқатын жақсарту және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Компания мен Білім басқармасы арасындағы ұзақ мерзімді және өзара тиімді ынтымақтастықты ынталандыру.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Ынтымақтастықты жүзеге асыру процесінде Тараптар өзара қарым-қатынастарын теңдік, адал әріптестік және бір-бірінің мүдделерін қорғау негізінде құруға ұмтылатын болады.

3.2. Тараптар осы Меморандумды орындау кезінде ынтымақтастықты тек ондағы талаптарды сақтауға қысқартпауға, іскерлік байланыстарды қолдауға және олардың (Тараптардың) байланыстарының тиімділігін және дамуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.

3.3. Тараптардың жазбаша келісімі болған кезде екінші Тараптың мүдделеріне байланысты іс-шараларды өткізуге және/немесе жүзеге асыруға құқығы бар.

3.4. Осы Меморандум Тараптарға ешқандай қаржылық міндеттемелер жүктемейді. Нақты іс-шараларды іске асырудың қаржылық және ұйымдастырушылық мәселелерін Тараптар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен талқылайтын және келісетін болады.

3.5. Тараптар осы Меморандум аясында ұсынылатын құпия ақпаратты екінші Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ауызша немесе жазбаша нысанда, қандай да бір үшінші тарапқа толық немесе ішінара жария етпеу үшін барлық ақылға қонымды шараларды қолдануға міндеттенеді.

3.6. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз осы меморандум бойынша өз құқықтарын өзге Тарапқа беруге құқылы емес.

4. Қолданылу мерзімі

4.1. Меморандум оған Тараптар қол қойған сәттен бастап 1 жыл мерзімге күшіне енеді және егер Тараптардың ешқайсысы екінші Тарапты осы Меморандумның қолданылуын тоқтату ниеті туралы тиісті мерзім өткенге дейін кемінде 2 (екі) ай бұрын хабардар етпесе, келесі кезеңге автоматты түрде ұзартылатын болады.

4.2. Тараптардың осы Меморандумның қолданылуын оның мерзімі аяқталғанға дейін кез келген уақытта, екінші Тарап оны тоқтатудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабардар еткен жағдайда тоқтатуға құқығы бар.

4.3. Осы Меморандумның қолданылуы тоқтатылған кезде Тараптар осы Келісім аясында жасалған шарттар мен келісімдер бойынша өз міндеттемелерін олар толық орындалғанға дейін орындауға міндеттенеді.

5. Өзге ережелер

5.1. Осы меморандум аясындағы ынтымақтастық Тараптардың өзара келісімі негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін нысандарда іске асырылатын болады.

5.2. Меморандум аясында Тараптар жазбаша түрде орындалған жағдайда және оларға Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда жарамды жекелеген келісімдер жасаса алады.

5.3. Тараптар осы Меморандум алдын ала шарт болып табылмайды, қаржылық және заңды міндеттемелерге әкеп соқпайды деп келіседі. Тараптар осы Меморандумның әрбір мақсаты бойынша нақты уағдаластыққа қол қойылмай және орындалмай тұрып, олардың жоғарыда аталған әрбір мақсат бойынша ешқандай уағдаластықтары, келісімшарттары немесе келісімдері жоқ екенін және Тараптардың ешқайсысында осы меморандум негізінде одан әрі келісімшарттарды немесе келісімдерді немесе Меморандумға қатысты кез келген жазбаша және ауызша өтініштерді орындау бойынша заңды және қаржылық міндеттемелер жоқ.

6. Тараптардың қолтаңбалары

«Codo» ЖШС	Астана қаласы әкімдігінің Білім басқармасы
Астана қ.	Астана қаласы , Бейбітшілік көшесі, 11
«Codo» ЖШС директоры Е.Трофимов	Басшы К. Сенғазиев

Amv — MF 71